

Шектеу іс-шараларын алу және Бұлақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылдың 7 маусымдағы № 6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 22 мамырдағы № 13 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 мамырда № 6176 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10–1 бабына сәйкес, және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Қобда аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық–санитарлық инспекторының 2019 жылғы 29 наурызыдағы № 2-10-3/90 ұсынысы негізінде, Бұлақ ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бұлақ ауылдық округінің Элия ауылы аймағында, мүйізді ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шараларының жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Бұлақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 7 маусымдағы № 6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3-7-169 болып тіркелген, 2018 жылғы 14 маусымда "Қобда" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Бұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде ресми жарялауға жіберуді;

3) осы шешімді Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бұлақ ауылдық округінің әкімі

Ж. Альбетов